



**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ
БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» КММ
2020 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАЛДАУ**

Қарағанды 2021



МАЗМҰНЫ

	Түйіндеме.....	3
I	Кітапхана жұмысының міндеттері мен бағыттары	4
II	Кітапхананың негізгі бақылау көрсеткіштері.....	4
III	Кітап қорын және каталогтарын қалыптастыру және ұйымдастыру.....	6
IV	Оқырмандарға кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру Кітапхана жарнамасы	9
V	Әдебиеттерді танымал етудің бағыттары мен нысандары, оқырмандық қызығушылықтарды зерделеу және қалыптастыру.....	10
	Клуб, үйірмелер жұмысы.....	11
	Ата-аналармен жұмыс.....	13
VI	Көпшілік жұмыс	14
	Әдебиетті кеңінен танымал ету.....	18
	Экологиялық тәрбие.....	21
	Құқықтық тәрбие.....	22
	Жоба бойынша жұмыс.....	22
VII	Анықтамалық-библиографиялық жұмыс	24
VIII	Ұйымдастыру - әдістемелік жұмысы	25
IX	Кітапханалық –библиографиялық үрдістерді автоматтандыру	27
X	Кітапхананы басқару. Еңбекті ұйымдастыру. Кадрлармен жұмыс.....	29
XI	Материалдық-техникалық база.....	32
	Міндеттер. Өзекті мәселелер.....	33

ТҮЙІНДЕМЕ

2020 жыл ішінде Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс атқарды. Кітапхана жұмыстың негізгі бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін ұстанды.

Есепті кезеңде кітапхана қорына **2698** басылым, оның ішінде **1192** данасы қазақ тілінде түсті. 01.01.2021 жылға кітапхананың кітап қоры- **135024** дана, оның ішінде қазақ тілінде **30295** дана.

Оқырмандарға қызмет көрсету олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалды. Жеке жұмыстарды қолдану оқырмандардың өтініштерін толығымен қанағаттандыруға мүмкіндік берді.

Кітапхана жұмысының онлайн нұсқаға ауысуына және әлеуметтік желілер мүмкіндіктеріне байланысты көптеген іс-шаралар жоспардан тыс ұйымдастырылды. Әлемді алаңдатып отырған ауыр ахуалға және адамзат басына түскен аса күрделі кезеңде біздің кітапханада қатердің алдын-алу үшін оқшауланған оқушылар мен балаларды рухани, мәдени тұрғыдан байыту, әртүрлі жастағы оқырман балаларды қолдау мақсатында бірқатар іс - шарларды жүзеге асырды.

Кітапхананың өткізілген онлайн іс-шаралар қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге; оқырман балалардың әдебиетке, Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын арттыруға; балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтауға және дамытуға; оқу үрдісіне көмектесуге бағытталған.

Кітапхана жұмысының онлайн форматқа ауысуына байланысты клубтар мен үйірмелер жұмысы да әлеуметтік желілер арқылы тікелей эфирде немесе бейнетүсірілімдер арқылы көрсетіліп отырды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Жетістік формулсы» жобасы бойынша Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен есептік кезінде «SARYARQA» телеарнасында 7 телетүсірілім өтті.

Кітапханада облыстық балалар кітапханаларының кітапханашыларына және мектеп кітапханашыларына «ZOOM» платформасы арқылы **«Балалар кітапханасы өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеудің ресурсы ретінде»**, **«Балаларға кітапханалық қызмет көрсету: жетістіктері, мәселелері мен болашағы»** атты тақырыпта облыстық практикалық онлайн-семинарлар өткізілді.

Мерзімді басылымдарда кітапхана қызметін жандандыру – кітапхана имиджін көтеруге себепкер болады. Ағымдағы жыл ішінде 39 материал, оның ішінде кітапхана қызметі туралы 30 мақала, 8 ТВ сюжет және 1радиохабар жарияланды. Соның ішінде (қазақ тілінде – 14, орыс тілінде 16.).

Биылғы жылы кең көлемде аталып өткен ұлы Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл тоуына орай кітапхана қызметкерлері «Новое телевидение», «SARYARQA», «5 Арна», «Хабар 24» телеарналарындағы «Уақыт kz», «Сөз сұраймыз», «Ой талқы» бағдарламасына қатысып, ақының шығармашылығы және кітапхана қорындағы сирек кездесетін басылымдар туралы айтып жалпы кітапхананың қызметі туралы сұхбат берді. Кітапхананың тыныс-тіршілігі жайлы мақалалар облыстық «Орталық Қазақстан», «Индустриальная Караганда» гезеттерінде, ekaraganda.kz, nv.kz, avitrek.krg басылып шықты.

Кітапханада компьютерлік технологиялар мен интернетті кеңінен қолдану жаңа оқырмандарды тартуға ықпал етеді. Кітапхана сайтының контенті үнемі жаңартылып отырады. Кітапхананың сайтында «JivoSite» v3.05.3 онлайн-кеңесшісі сайт пайдаланушыларының онлайн тәртіпте кітапхана операторларына сұрақ қою арқылы мүмкіндіктері бар. Пайдаланушылар үшін электрондық қызметтер қолжетімді: онлайн - ұзарту, виртуалды анықтама, онлайн-кеңесші, басшыға сұрақ. Кең көлемде әлеуметтік желіде жұмыс жасалды. Инстаграм, Вконтакте, Facebook желілерінде кітапханада өтіп жатқан іс-шаралар туралы мәліметтер, жаңалықтар, өтетін іс-шаралар туралы анонстар қойылып отырды.

I. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

- Елбасы-Тұңғыш Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізгі бағыттарын жүзеге асыру;

ҚР Президентінің Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі», «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл» Жолдауларында көрсетілген мәселелерді жүзеге асыру;

- оқырмандарға сапалы қызмет көрсету, оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандыру;

- ақпаратқа еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету;

- оқырмандарды Қазақстан әдебиетіне, тарихына және мәдениетіне қызығушылыққа баулу;

- жоғары адамгершілік, дені сау, шығармашылық ойлау қабілеті бар тұлғаны тәрбиелеу;

- қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу;

- жұмыста жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану;

- әдебиетті танымал етуде электронды ресурстарды қолдану;

- виртуалды ортада кітапхана сайтында, әлеуметтік желілерде балаларға кітап оқуды насихаттау;

- балалар кітапханаларының қызметіне әдістемелік қолдау, аймақтық кітапханаларға кеңестік көмек көрсету;

- отбасымен бірге кітап оқуды жандандыру.


II. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Биылғы жылы елімізде жарияланған Төтенше жағдайға байланысты өзге де өңірлердегі кітапханалар сияқты Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы да 16 наурыздан бастап қашықтықтан, яғни онлайн жұмыс тәртібіне көшіп, карантин шараларын сақтап, кітапхана белгілі бір кесте бойынша жұмыс істеді. Осыған орай, кітапхана еш кідірместен, жұмыс жоспарларын шұғыл түрде жаңғыртып, өз оқырмандарымен тығыз байланыс орнатып, кітап пен кітапхана беделін онлайн түрде көтеруге барлық күш-жігерлерін салды. Кітапхана мен кітапхана қызметкерлері онлайн-қызмет көрсету арқылы білікті де білімді екендіктерін, кез келген форматта жұмыс жасай алатындарын көрсетті. Күнделікті оқырмандармен байланыста бола отырып, әлеуметтік желілерде кітапхана қорын насихаттау, виртуалды көрме әзірлеу, кітапхана сайтында оқырмандардың тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасау және т.б. көптеген қызметтерді атқарды. Кітапхана жұмысты жаңа форматта ұйымдастырып, пайдаланушыларға «ZOOM» бағдарламасының көмегімен онлайн конференция мен облыстық семинарлар, тікелей эфирлер, көпшілікке арналған дәрістер өткізу дәстүрге айналды.

Карантин басталған уақыттан бастап, кітапхана оқырмандары назардан тыс қалған жоқ. Қайта осы уақыт аралығында «Менің кітапханам», «Менің сүйікті кейіпкерім» шағын байқаулары арқылы бірін-бірі кітап оқуға шақырды. Қазіргі қоғамның тағы бір ерекшелігі мүмкіндігі шектелген жандарға қол ұшын беріп, оларға көмек көрсету мақсатында ҚР Тәуелсіздік күніне, Рухани келісім күніне орай Қазыбек би атындағы ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің мүмкіндіктері шектеулі адамдары үшін іс-шаралар өткізілді.

Кітапханада оқырмандарға арналған барлық жағдай жасалды. 2020 жылдың наурызында кітапхананың негізгі бақылау көрсеткіштері қайта қаралып, пандемияға байланысты олардың саны біршама азайтылды. 2018 жылы оқырман саны 12426 болса, 2019 жылы оқырман саны 12427 болды, ал биылғы жылы пандемияға байланысты кітапхананың басты көрсеткіштері жылдағыдай көрсеткішпен салыстырғанда біршама аз болып отыр. Оқырман саны 5350 болып, 7077 бірікке төмендеді.

сандық көрсеткіштер	2020 жылға жоспар	2020 жылы орындалғаны
Оқырмандар саны	5350	5350
Оның ішінде пайдаланушылар	424	424
Келулер саны	34496	34496
Кітап берілімінің саны	74904	74904



№	Іс-шаралар	2020 жылға жоспар	2020 жылы орындалғаны
1.	Кітап көрмелері	20	21
2.	Көпшілік іс-шаралары	48	57
3.	Семинарлар	2	2
4.	Тұсаукесер-таныстырылымдар	-	-
5.	Әдістемелік басылымдар	7	7
6.	Web конференция (телекөпір)	2	2
7.	Электронды көрсетілетін қызметті пайдаланушылар саны	424	424

III. КІТАПХАНА ҚОРЫН ЖӘНЕ КАТАЛОГТАРДЫ ТОЛЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Кітаптарды сатып алуға 2020 жылы бюджеттен 3 млн теңге бөлінді. 2020 жылы кітапхана қоры 2698 данаға толықты.

	2020 жылға жоспар	2020 жылы орындалуы	с.і. қаз.тілі
Кітаптар	2000	2698	1192

Толықтыру көздері бойынша келесідей:

мазмұны	2020 жылға жоспар	2020 жылы орындалуы	саны (дн.)	оның ішінде қазақ тіліндегі саны
Кітап сауда ұйымдары	3000,0	3000,0	1695	528
Мемлекеттік тапсырыс (Н.В.Гоголь атындағы ОӘҒК)		244,3	137	119
Сый		110,0	190	98
Кітап алмастыру		56,3	135	34
«Қазпошта» АҚ	1000,0	1000,0	541	413
Барлығы:	4000,0	4410,6	2698	1192

Есепті жылы басылымдардың басым бөлігі кітап сауда ұйымдарынан – **1695** дана (62,8%), сыйға – **190** дана (7%), мемлекеттік тапсырыс арқылы-**137** дана (5%), мерзімді басылым-**541** дана(20%), орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінен **135** дана (5%), келіп түсті.



Есепті кезеңде кітап қорын толықтыруға бюджеттік қаржыландыру жоспары бойынша **3000,0** теңге бөлінді. Мемлекеттік сатып алу порталы бойынша баға ұсынысын сұрау тәсілі бойынша «А. Ермаков кітаптар үйі», «Восточный Bazar» ЖК, «РДЦ-Алматы»

ЖШС, «Жаматова Г.Ш.» ЖК, Нұр-Сұлтан қаласы «Muqaba», «Фолиант» баспалары, «Зиядин» ЖК, «Smart Book» ЖШС арқылы жүзеге асырылды.

Бюджеттік қаржыландыру бойынша **3000,0 млн тг** сомасына **1695** дана кітап (оның ішінде **528** дана қазақ тілінде), мемлекеттік тапсырыс бойынша Гоголь атындағы ОӘҒК атынан-**137** дана (оның ішінде қазақ тілінде **119** дана) **244267 тг.**, белорус мәдениетінің «Спадчына» қоры, Қарағанды қаласының облыстық бейнелеу өнері мұражайы, ҚР Ұлттық мұражайы, жазушылар Аманжол Әлтай мен Елена Клепиковадан, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, саны **190 дана (қаз.т. 98 дана)** сомасы **109600 тг** кітаптар сыйға тартты.

Ең кішкентай оқырмандар үшін «Буынға бөліп оқимын», «Тыңда, балам, ертегі» сериясынан және қазақ әдебиетінің классиктері Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», Д. Исабековтің «Гауһар тас», Ә. Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдары», С.Мұратбековтің «Қылау» және танымал ағылшын жазушысы Джоан Роулингтің Гарри Поттер туралы «Steppe&World Publishing» баспасынан шыққан қазақ тіліндегі алғашқы үш кітабы «Хэрри Поттер мен палсапа тас», «Хэрри Поттер мен жасырын бөлме», «Хэрри Поттер мен Азкабан тұтқыны» түсті. Сондай-ақ, кітапхана қоры «Мазмұндама» баспасынан шыққан танымал шетелдік авторлар Л. Хейдің, Д.Карнегидің «Дос табу және адамдарға ықпал ету өнері» және Х. Элродтың «Таң шапағаты. Өмірді жаңа арнаға бұратын «тың» құпия», қазақ тілінде мотивациялық (Оқуға тиіс 10 кітап) психологиялық кітаптармен толықтырылды. «Эксмодетство» баспасының ерекше қызықты жаңалықтары - интерактивті суреттері бар иттер мен мысықтар туралы тосын сый кітаптары, Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Военное детство» кітаптар сериясымен толықты.

2018-2020 жылдар аралығындағы басылымдардың түсуін талдау қордың көлемі **2710** данаға, мемлекеттік тілде **1532** данаға ұлғайғанын көрсетті. 01.01.2018 жылы кітапхана қоры **129926** дананы құрады, оның ішінде қазақ тілінде **27771** дана, 01.01.2021 жылы – **135024** дана, оның ішінде қазақ тілінде **30295** дана.

Жалпы кітапхана қорының құрамы бұрынғы жылдар деңгейінде қалады. 01.01. 2021 жылы қордың **53 %** - ын көркем әдебиет, **47%** - ын салалық әдебиет құрайды.

Мемлекеттік тілде – **61,3%** көркем әдебиет, **38,7%** - салалық әдебиет.

Есепті кезеңде келіп түскен жаңа басылымдардың **1335** данасын (**62%**) көркем әдебиет, қазақ тілде-**397** дана **51 %** құрайды. Жаңадан түскен кітаптар кітапхана сайтының «Кітап сөресі» айдарында, әлеуметтік желілерінде жарияланды.

2020 жылдың II-ші жартыжылдығына **249515,40 мың теңге** сомасына саны 20 басылым атауына мерзімді басылымдарға жазылу жүргізілді. 2021 жылдың I-ші жартыжылдығына **748659,02** мың теңге сомасында саны **80** атау мерзімді басылымға – **15** газет (с.і **11** қазақ тілінде) және **65 журналға** (республикалық **50**), (**37** атауы қаз. тілінде) жазылды.

2020 жылы түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
2137	1012	352	16,5	164	15,8	59	2,7	57	2,6	184	8,5	1321	61,8

2020 жылы қазақ тілінде түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
774	394	162	20,7	58	7,4	2	0,2	37	4,7	123	15,8	392	50,6

2020 жылы бюджеттік қаржыландыру бойынша түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
1695	613	249	14,6	216	12,7	55	3,2	5	0,3	129	7,6	1041	61,4

2020 жылы қазақ тілінде түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
528	175	86	16,3	56	10,6	-	-	1	0,2	80	15,1	305	57,7

2020 жылы түскен басылымдар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы.	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
2698	1112	716	26,5	224	8,3	71	2,6	82	3	270	10	1335	49,5

2020 жылы қазақ тілінде түскен басылымдар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы.	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
1192	442	467	39,1	70	5,8	2	0,1	61	5,1	195	16,3	397	33,3

Жалпы кітап қорының құрамы 01. 01. 2021жыл


Барлығы	с.і. қаз.тілі	оның ішінде білім салалары бойынша											
		жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
135024	30295	21180	15,7	10978	8,1	3691	2,7	17774	13,1	10058	7,4	71343	53

Қазақ тіліндегі кітапханалық қордың құрамы

Барлығы	оның ішінде білім салалары бойынша											
	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
30295	6980	23	970	3,2	585	2	1762	5,8	1337	4,4	18661	61,6

01.01.2021 жылға кітапхананың қоры 135024 дананы, оның ішінде қазақ тілінде 30295 (22,4%) дана құрайды.

Кітапхананың мемлекеттік тілдегі кітап қоры диаграммада көрсетілгендей, 2018 жылмен салыстырғанда артып отырғаны байқалады. Егер 2018 жылы 28763 дана құжат болса, 2020 жылы 30295 құраған, яғни 1532 данаға артқан.



Қордың сақталуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету

2020 жылы физикалық тозығы жету себебімен (тозған) 2327 дана кітап және мерзімді басылымдар есептен шығарылды (с.і. қазақ тілінде -593 дана) (№397 акт), 2000 дана кітап (с.і.463 дана қазақ тілінде), 192 дана мерзімді басылым (с.і.қазақ тілінде 96 дана). Ағымдағы жылы орта және жоғары сынып оқушыларын қызмет көрсету бөлімінің кітап қорын жоспарға сәйкес тексеру жұмысы ұйымдастырылды. Тексеру нәтижесі бойынша 135 дана (с.і 34 дана қазақ тілінде) кітаптар жетіспеді.

Кәртішкелер мен талондар қызметтік және нөмірлік каталогтардан шығарылды, түгендеу кітаптарында кітаптың есептен шығарылғаны туралы белгілер қойылды.


IV. ОҚЫРМАНДАРҒА КІТАПХАНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ. КІТАПХАНА ЖАРНАМАСЫ

Кітапхана 2020 жылғы қызметін бекітілген жоспарға сай жұмыс атқарды. Кітапхана жұмыстың негізгі бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін ұстанды.

Оқырман-балаларға қызмет көрсету кезінде баланың жасына байланысты психологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Жұмыста ақпараттық ресурстарды және электрондық тасымалдағыштардағы ақпаратты пайдалану кітапханаға жаңа оқырмандарды тартуға мүмкіндік береді.

Мерзімді басылымдарда кітапхана қызметін жарнамалау – кітапхана имиджін көтеруге себепкер болады. Ағымдағы жыл ішінде 39 материал, оның ішінде кітапхана қызметі туралы 30 мақала, 8 ТВ сюжет және 1 радиохабар жарияланды. Соның ішінде (қазақ тілінде – 14, орыс тілінде 16.).

Биылғы жылы кең көлемде аталып өткен ұлы Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл тоуына орай кітапхана қызметкерлері «Новое телевидение», «SARYARQA», «5 Арна», «Хабар 24» телеарналарындағы «Уақыт kz», «Сөз сұраймыз», «Ой талқы» бағдарламасына қатысып ақының шығармашылығы және кітапхана қорындағы сирек кездесетін басылымдар туралы айтып сұхбат берді. Кітапхананың тыныс тіршілігі жайлы мақалалар



облыстық «Орталық Қазақстан», «Индустриальная Караганда» гезеттерінде, ekaraganda.kz, pv.kz, avitrek.krg электронды басылымдарында шықты.

2017 жылдан бастап «Жетістік формуласы» бенефис шоу кітапханалық жобасы бастау алған. 2020 жылы «Жетістік формуласы» бенефис шоу жобасы аясында Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен «SARYARQA» телеарнасында 7 телетүсірілім өтті. Эфирге қазақ тілінде 3 және орыс тілінде 4 бағдарлама шықты. «SARYARQA» телеарнасында «Жетістік формуласы» бағдарламасы 14 рет көрсетілді. Instagram, Facebook, Вконтакте әлеуметтік желілерінде, кітапхана сайтында (www.odt-abai.kz) «SARYARQA» телеарнасының www.kartv.kz сайтында және әлеуметтік желілерінің беттерінде жарық көрді.

Халықаралық Кітап сыйлау күні аясында кітапхана қызметкерлері ағымдағы жылдың 13-14 ақпан аралығында Қарағанды қаласының мектеп кітапханаларына **«Кітапханаға кітап сыйла»** атты акциясын іске қосты. Мұндай Акция қатарынан үшінші жыл өтіп жатыр. Акцияның басты мақсаты балалардың кітап оқуы мен



кітапты бір-біріне сыйлау дәстүрін қайта жандандыруға ықпал ету, мектеп кітапханаларына жақсы кітаптар тарату, технология заманында да кітап өз құндылығын жоғалтпайтын ерекше сыйлық болып қалатынын көрсету.



Екі күн бойы болған акция 6 қала мектебіне барып, онда 400-ден астам оқушысы қатысты мектеп кітапханаларына кітаптар сыйға тартылды. Сондай-ақ кітапханада кітапты сыйлыққа тартудың халықаралық күніне орай оқуға құмар тұрақты оқырмандарымызға да кітаптар сыйға тартты.

V. ӘДЕБИЕТТЕРДІ ТАНЫМАЛ ЕТУДІҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН НЫСАНДАРЫ, ОҚЫРМАНДАРДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кітапхана мүмкіндіктерін кеңейту және беделін қалыптастыру үшін қаладағы ЖББОМ және гимназиялардың оқушыларына, балабақша бүлдіршіндеріне, балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері арналған экскурсиялар өткізілді. Экскурсия барысында балалар кітапханаға жазылу ережесімен, кітапхана кестесімен танысады. Бөлім қызметкерлері кітап қоры мен мерзімді басылымдар туралы, кітапханада өткізілетін іс-шаралар туралы әңгімелейді. Есепті кезеңде кітапхана оқырмандары үшін 10 экскурсия өткізілді. Балалар кітапхананың тарихымен, бөлімдердің қызметтерімен танысып, электронды каталогты пайдалануды үйренді. Барлық қатысқан адам саны-316.



Экскурсиялар тақырыбы: «Кітапхана құпиялары», «Кітапхана шақырады...» және т.б. Қала мектептері оқушыларымен «Кітапхана шақырады...» атты қызықты және танымды экскурсия барысында балалар кітапхана туралы, кітапханада қандай кітаптар мен мерзімді басылымдар сақталатынын, сондай-ақ кітапты және кітапхананы пайдалану ережелерімен танысты. Олар кітапхананың ең қызықты залдарын қарап шықты, кітапханадағы әртүрлі кітаптар, альбомдар, журналдарды қызыға парақтады, «Күншуақ» залында болып, көрмелермен танысты, қызығушылықтар бойынша үйірмелердің, клубтар мен студиялардың жұмысы туралы білді.



Экскурсияларға қатысқан балаларды кітап көрмелері қызықтырды: қазақ ойшылы, ақын және композитор Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Абай мұрасы – мәңгілік мирас», «Рухани жаңғыру», «Туған өлке тұнған тарих», «Бір ел -бір кітап» және т.б.

«Сен біздің бірінші оқырман» - акциясы кітапхана оқырмандарының арасында танымал болып келеді.



2020 жылғы 3 қаңтарда кітапхананың қайта тіркелген алғашқы әр оқырманына **«2020 жылғы алғашқы оқырман»** естелік медалі мен шағын сыйлықтар табыс етілді. Олар Берлейн Полина, Жақып Досжан, Куценко Артем, Айтпай Камила, Жүкен Дина, Мейрамбек Әмина, Тесла Злата, Балтин Мирас, Едигеева Аружан және тағы басқалар алды.



Әрбір кітапхана өз оқырмандарының мүдделері мен сұраныстарын қанағаттандыруға тырысады, оларға кітаптарды таңдауда және пайдалануда пәрменді және мақсатты көмектер көрсетеді. Бұл жағдай егерде кітапханашы өз оқырмандарын жақсы танып білсе, олардың мәдени деңгейін, қажеттіліктерін нақты елестетсе ғана мүмкін болады. Бірақ оқырманның білімі өздігінен келмейді. Бұл оқырмандарды, олардың сұраныстарын, қызығушылықтарын, қажеттіліктерін жүйелі зерттеу процесінде қол жеткізіледі.

Кітапханада оқырман-баланы зерттеу күнделікті жұмыста жүзеге асырылып отырады, кітапханашылар қызығушылықтарын, сұраныстарын, әдеби шығармаларды қабылдау ерекшеліктерін зерттейді, оқырмандарды бақылап, олармен сөйлесіп, сұрақ-жауаптар қойып, сауалнамалар және басқа әдіс түрлерін қолданады. Көбінесе оқырманмен ауызша сауалнама жүргізіледі, бұл оқырманның қызығушылығын анықтауға мүмкіндік береді, оған кітап қорынан сұралатын тақырып бойынша басылымдар ұсынылады. Егер сұратылған кітап болмаған жағдайда «Бас тарту дәптеріне» жазба жазып қалдырады. Қорды жинақтау кезінде кітапханада жоқ кітаптар есепке алынады. Мүмкіндігінше осы басылымдармен қызмет көрсету бөлімдерінің кітап қоры толықтырылады. Бұл дәптерде сондай-ақ шағын данадағы басылымдардың есебі және осы кітаптың тек цифрлық форматта болуы жүргізіледі. (қолжетімді тегін сайттарға сілтемелер көрсетіледі).



Қазан айында қазіргі заман балаларының талғамын білу мақсатында жас оқырмандар арасында **«Кітап оқудың беделі сәнді ме?»** атты сауалнама жүргізілді. Сауалнама оқырмандарымызды жақыннан танып білуге, олардың әдеби қалауын, оқуға деген көзқарасын анықтауға мүмкіндік берді. Сауалнамаға Қарағанды қаласының 5-8 сынып оқушылары қатысты. Сауалнама нәтижесінде жасөспірімдер қиял мен шытырман оқиғаларды жақсы көретінін анықталды. Ең бастысы, олар өздеріне сенімді екендерін, кітап оқу сөздік қорларын байытуға, ой-өрістерін кеңейтуге және қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсуге ықпал ететінін анық көрсетті. Оқырман арасындағы сауалнама бейнеролик түрінде өңделіп, әлеуметтік желілерде жарияланды.



Үйірме, клуб жұмысы

Кітапханада балалардың шығармашылық қабілеттері мен бос уақытын ұйымдастыру



мақсатында клубтар, шеберханалар, үйірмелер, зертханалар, студиялар жұмыс жасайды. Бұл жұмысты кітапханашылар өздері жоспарлап, өткізеді және ол ақысыз негізде жүргізіледі. Кітапхана жұмысының онлайн форматқа ауысуына



байланысты клубтар мен үйірмелер жұмысы да әлеуметтік желілер арқылы тікелей эфирде немесе бейнетүсірілімдер арқылы көрсетіліп отырды. Балалардың қазақ прозасы мен поэзиясына қызығушылықтарын арттырып, талаптарын ұштау мақсатында 11-15 жастағы балалар үшін **«Қауырсын қалам» әдеби клубы** жұмыс жасайды. 2020 жылдың басында

клубтың 2 отырысы өтті. Ал онлайн кезеңде клуб мүшелері өз шығармашылығы бойынша челленджер ұйымдастырып, әдеби нон-стоптарға қатысты. «Қауырсын қалам» әдеби клубы «Менің өлеңім» атты челленджін өткізді, оған 18 оқушы қатысып, өз өлеңдерін бейнетүсірілім арқылы мәнерлеп оқыды.

«Жәдігер» өлкетану зерттеу клубы

«Туған жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 11-15 жастағы жеткіншектер үшін «Жәдігер» өлкетану клубы жұмыс істейді. «Жәдігер» кітапханалық өлкетану клубының бірінші отырысы «Киелі жерлер» библиоглобусы деп аталды. Шараға Ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының 7 сынып оқушылары Қарағанды облысының тарихи – өлкетану мұражайының тарих, археология және этнография бөлімінің меңгерушісі Әділ Мәкен арнайы шақырылды. Қонақ балаларға Қарағанды облысының археологиялық қазынасы болып табылатын Беғазы археологиялық кешені туралы әңгімеге қозғап толығырақ тоқталып өтті.

Балаларды және қала тұрғындарын Қарағанды қаласының тарихымен, мәдениетімен таныстыру мақсатында кітапхананың әлеуметтік желілерінде «Қарағанды қаласына серуендер» жасалды. Және ол цикл болғандықтан бірнеше тақырыптардан құралды. Мысалы, «Қарағанды ескерткіштері», «Әдеби Қарағанды», «Қарағанды театрлары», «Қарағанды спорты», «Сазды Қарағанды», «Қарағанды- ғарыш айлағы» және т.б. Барлығы 6 пост жарияланып, олар 3598 рет қаралды.

«Шуақ» балалардың шығармашылық студиясының жұмысы 3-7 жастағы балалар үшін арнап ұйымдастырылады. Студияның басты міндеті – әр түрлі шығармашылық-еңбек түрлерін қолдана отырып әдеби бейнелерді жасау арқылы балаларды оқуға тарту, баланың ой-өрісін кеңейту. Әр апта сайын балалар ата-аналармен немесе ересек туысқандарымен әдеби шығармамен танысып, қолдан бұйымдар жасауды үйрену үшін үйірме сабақтарына қатысады. Әрбір сабақ шығарманы дауыстап оқумен басталады, содан кейін автор туралы сұхбат жүргізіледі. Балалар кітапханашының басшылығымен түрлі-түсті қағаздан және басқа да материалдардан колөнер бұйымдарын жасайды. Үйірме жұмысында әртүрлі материал: мақта дискілері, салфеткалар, түрлі түсті картон, жібек жіптер, ермексаз, жармалар, гуашь, акварель және т.б. қолданылады.

2020 жылы 25 сабақ болды, оның 13 тікелей эфирде онлайн-нұсқасында өтті. IV- тоқсанда сақтық шараларын сақтай отырып 12 сабақ кітапхана қабырғасында өткізілді. В. Катаевтың «Цветик семицветик», Д.Джумагельдинованың «Көбелектер патшалығы», О.Иркегулованың «Бақша.Огород» кітабы негізінде болған сабақтар ең көп қаралған.

Оқырмандардың жас ерекшелігіне байланысты кітапханада танымды және қызықты «**English through games**» үйірмесі жұмыс істейді. Үйірмеге 7-11 жастағы балалар қатысады. Ағылшын тілін ойын, музыка арқылы үйрену балаларды жалықтырмай, тіл үйренуге талпыныстарын арттырады. 2020 жылы үйірменің 16 сабағы өткізілді. Өткізілген сабақтардың 4-уі офлайн-нұсқада, 12 онлайн- нұсқада болды.

Кітапхана оқырмандары үшін «**Кел, қазақша сөйлейік**» үйірмесінің сабақтары танымдық - ойын түрінде өткізіледі. Балалар ребустарды шешеді, пазлдарды жинайды, әртүрлі тақырыптарда үйірме жетекшісімен диалог құрады, дыбыстарды дұрыс айтуды үйренеді, сөйлемдерді өздігінен құрастырады және көркем оқу дағдыларын меңгереді. Үйірмеге қатысу мектеп бағдарламасы



бойынша үй тапсырмасын дайындау кезінде үлкен көмек көрсетеді. Жыл басынан бастап үйірменің 25 сабағы өткізілді, оның 7-еуі Instagram әлеуметтік желісінде тікелей эфир арқылы өткізілді. Үйірменің 18 сабағы дәстүрлі түрде кітапханада өткізілді.

«Кел, қазақша сөйлейік!» үйірмесінің жылдық қорытынды сабағы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай **«Менің Отаным – Қазақстан»** атты тақырыбында болып, іс-шара барысында бүлдіршіндер «Отан», «Қазақстан», «Тәуелсіздік» жайлы тақпақтарды мәнерлеп оқып, викториналық сұрақтарға белсене жауап берді.

Кітапхананың «FreeStyle» арт-шеберханасында балалар ұлттық өнер-кестенің қырсырымен танысып, кесте тоқумен айналысады. Барлығы 11 сабақ өткізілді. Оның 7-уі онлайн-нұсқасында, 4-уі кітапхана қабырғасында өткізілді.



20 желтоқсан күні «Free Style» арт-шеберханасының қорытынды сабағы өткізілді. Кітапхана кіреберісіне үйірме мүшелерінің шығармашылық жұмыстарының

вернисаж-көрмесі ұйымдастырылды.



«Қызықты ғылым» кітапханалық зертханасы

«Қызықты ғылым» кітапханалық зертханасы аясында 7 әртүрлі шеберлік сыныптары өткізілді. Олардың 5-уі онлайн-нұсқасында 2-і кітапханада өткізілді.

Кітапханашының басшылығымен жүргізілген тәжірибелер қарапайым әрі қауіпсіз болды, балалардың байқау, салыстыру, жинақтау, қорытындылау сияқты дағдыларын дамытуға бағытталды. Шеберлік сынып сабақтарында танымды химия бойынша тақырыптық кітаптар мен журналдарға шолу жасалды.



Ата-аналармен жұмыс

Есеп беру кезінде әр айдың екінші жексенбісінде кішкентай пайдаланушылар үшін дәстүрге айналған «Дауыстап оқу» өткізілді. Дауыстап оқу - балаларды және ата-аналарды іс-шараларға қатысуға ғана емес, сонымен бірге оқу залындағы ерекше қолайлы атмосферада тыңдаушыларды кітапханаға және оқуға тартуға мүмкіндік беретін кеңінен тараған жұмыс түрі.


Дауыстап оқудың мақсаты – оқығанды есту және түсіну үшін мұқият тыңдауға немесе белсене оқып ойлануға, оқып сезінуге, оқып өмір сүруге үйрету.

Жыл ішінде қазақ, орыс, әлем балалар әдебиетінің жауһар туындаларын қызыға тыңдады.

Кітапхана сайтының контентін толықтыру үшін «Ата-аналарға» айдарына психологтар О.И. Пенькова мен Ю.А. Храмованың кеңестері қойылды.

Кітапхананың Instagram виртуалды алаңында психолог, Юлия Храмовамен кездесу өтті. Онлайн-әңгімеге қатысушылар **«Абайлаңыз! интернетке тәуелділік!»** тақырыбында әңгімелесті. Жазылушылар интернетке тәуелділікті қандай белгілермен анықтауға болатындығын, оның қаншалықты қауіпті екенін, оның дамуының алғы шарттары қандай екенін білді. Жас пайдаланушылар мен олардың ата-аналары психологтан интернетке тәуелділіктен қалай қорғануға болады, гаджеттерді қалай дұрыс пайдалану керек, интернетте жұмыс уақытын дұрыс бөлу және т. б. пайдалы кеңестер алды.

Эфир қонағы Юлия Александровна зиянды әдетті алмастырудың тиімді тәсілі ретінде кітап оқудың маңыздылығын атап өтті. Психолог виртуалды емес,



шынайы әлемде өмір сүруді, сүйікті хоббимен айналысуды, хобби немесе спортпен шұғылдануды ұсынды, сонымен қатар «Интернетке тәуелділік» мәселесін зерттейтін әлем психологтарының қызықты кітап басылымдарымен таныстырды.

VI. КӨПШІЛІК ЖҰМЫСТАР

Кітапхана қаңтап-ақпан айларында және наурыздың басында 2020 жылға бекітілген жоспар бойынша көпшілік жұмыстарды ұйымдастырып, өткізді. Әлемдік індетке байланысты 16 наурыздан кейінгі көпшілік іс-шаралар онлайн нұсқаға өзгертіліп, жылдық жоспар қайта қаралды. Аз ғана өзгерістер енгізе отырып, онлайн форматта өткізуге болатын іс-шаралар жоспары құрылды. Кітапхана жұмысының онлайн нұсқаға ауысуына және әлеуметтік желілер мүмкіндіктеріне байланысты көптеген іс-шаралар жоспардан тыс ұйымдастырылды. Әлемді алаңдатып отырған ауыр ахуалға және адамзат басына түскен аса күрделі кезеңде біздің кітапханада қатердің алдын-алу үшін оқшауланған оқушылар мен балаларды рухани, мәдени тұрғыдан байыту, әртүрлі жастағы оқырман балаларды қолдау мақсатында бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды. Кітапханамыз тікелей эфирлер-15, бейнешолулар - 71, онлайн-байқаулар -3, «Қаурсын қалам» клубы челленджі-6, бейнесабактар-12, бейнеоқулар-28, әдеби нон-стоп-6, виртуалды кітап қоржыны-11, бейнепрезентациялар-13, және т. б. өткізілді. Барлығы 404 онлайн шара өткізіліп, олардың қаралымы 433041-ге жетіп қаралды. Ең көп қаралға шаралар «Менің отбасымдағы Жеңіс күні» виртуалды акциясы 38 жариялым, қаралым саны-14766, «Қаурсын қалам» клубының челленджі 6 жариялым, қаралым саны-10026, «SUPER KIDS» fashion-көрсетілімі жариялым саны-12, қаралым саны- 6007 рет қаралған.

Дарынды балалармен онлайн-кездесу ұйымдастыру кітапханалық «Жетістік формуласы» жобасының «Дарынды болу бақыты. Право быть талантливым?» тақырыптық блогы аясында жүзеге аса бастады. Егер «Жетістік формуласында» балалар өмірде белгілі бір жетістікке жеткен және өзінің ақыл-кеңесімен жеткіншектерге дұрыс бағыт бере алатын ересек азаматпен кездесетін болса, құрдастары үшін үлгі боларлық жасөспіріммен кездесу дарынды баланың беделінің артуына және өзіндік сенімге, ішкі өзегінің нығаюына себін тигізери сөзсіз.

Мұндай онлайн-эфирлер еліміздің жас композиторы, пианист, 50-ден астам шығармалардың авторы Нұрәлі Бейсеқожамен, Қарағанды қаласының Ғ.Мұстафин атындағы мектептің оқушысы, спортшы-шаңғышы Карина Колодиймен, абайтану бойынша республикалық олимпиаданың жеңімпазы Мұрат Дильназбен өтті. Эфир барысында қонақтар балалардың шығармашылығымен, отбасымен, балалық армандарымен және жетістіктерімен танысты. Сондай-ақ жергілікті ақындар Ерболат Қуатбек, Жәлел Қуандықұлы, Ерқанат Кеңесбекұлы, Қарағандылық біздің жерлесіміз, қазіргі уақытта Лондон қаласында тұратын Меруерт Алонсомен, балалар жазушысы Елена Клепиковамен онлайн кездесулер өткізілді. Жазушымен өткен тікелей байланыстан кейін «Алтын қалам-2020» жүлдесінің лауреаты, алматылық авторлар Елена Клепикова мен Ксения Земскованың «Карантиндік кішкентайлар» атты повесі кітапханаға сәлемдеме ретінде поштамен жіберді.

Сондай ақ кітапхана қызметкерлері қашықтықта жұмыс істей отырып, жас оқырмандарды кітап оқуға тарту мақсатында «**Менің кітапханам**» онлайн фотобайқауын ұйымдастырып өткізді. Сайысқа барлығы 66 адам қатысты. Қатысушылардың фотолары жас ерекшеліктері бойынша топтарға бөлінген болатын. Өз фотосына ең көп лүпіл, яғни дауыс жинаған жазылушылар (үй кітапханасының жанындағы фотосурет) жеңімпаз атанды.



- «0 сынып. Мектепке дейінгі жастағы балалар» тобындағы жеңімпаз Баймурзинов Нұржан Шахтинск қаласының «Ботагөз» балабақшасының тәрбиеленушісі, 5 жаста. (341)

- «1-4 сынып. Бастауыш мектеп жасындағы балалар» тобындағы жеңімпаз – Берікқанов Ердос – ШҚО, Семей қаласы, №22 мектеп-лицейінің 1 «А» сынып оқушысы. (839);

- «5-11 сынып. Орта және жоғары сынып оқушылары» тобындағы жеңімпаз – Алпысбай Ақбота – Нұра ауданы, К.Мыңбаев атындағы ЖОББМ 6 сынып оқушысы (1013);

- «Балалар оқуының жетекшілері. Педагогтар, ата-аналар, кітапханашылар» тобындағы жеңімпаз – Бекмағанбет Көпболсын Абдикешұлы – Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны, 70 жаста. (1496);

- «Отбасы» тобындағы жеңімпаз – Жапаровтар әулеті – Нұра ауданы, Нұра кенті.(2250).

- ҚР Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру», «Ұлы даланның жеті қыры» мақалалары, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі», «Жаңа-жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл» Жолдауларын насихаттау бойынша кітапхана бөлімдерінде тұрақты қолданыстағы **«Рухани жаңғыру – ұлт жаңғыруы», «Жолдау-дамудың жаңа мүмкіндіктері»** атты кітап көрмелері ұйымдастырылды.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мақсатында кітапхана қызметкерлері Ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-лицей интернатының 5-7 сынып оқушыларының қатысуымен информ-дайджест өткізілді.

Информ-дайджест танымдық тұрғыда маңызды болып, оқушылар мен ұстаздар өз ойларын ортаға салды. Балалар «Қазақстанның даму бағдарламаларын жүзеге асыру» бейнеролигін тамашалап, **«Жолдау - дамудың жаңа мүмкіндіктері»** атты кітап көрмесімен танысты.

ҚР Тұңғыш Президенті күні

1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күніне және Нұрсұлтан Назарбаевтың 80 жылдық мерейтойына орай Николай Зеньковичтің **«Назарбаевтай болғым келеді»** атты кітабына бейнешолу өткізілді. Балаларға арналған бұл кітапта Қазақтар Республикасының Тұңғыш Президенті –Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың балалық шағы туралы әңгімеленеді. Кітапты қолға алғаннан-ақ кейіпкердің басынан кешкен жекеленген оқиғаларынан басталып, келе-келе оқиғаның дамып, оның ықпалды, беделді тұлға айналып, қайраткерлік қасиеттері қалыптасқаны баяндалады. Кітапты оқу арқылы жас оқырмандардың бойында патриоттық рух, Отаны мен елін шексіз сүйетін мақтаныш сенім қалыптасады. Сонымен бірге әлеуметтік желі жазылушыларына **«Өмірге жолдама. Болат қорытушыдан Президентке дейін»** атты виртуалды тарихи шолу ұсынылды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай **«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік»** атты тарихи экскурсия дайындалып, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар үшін кітапхана парақшаларына қойылды. Презентация хронологиялық тәртіппен орналас тырылып, тәуелсіз Қазақстанның тарихи қалыптасуы мен даму барысымен таныстырды. Елдің 29 жылдық тарихында болған жеңістер мен жетістіктерді, реформалар мен жаңалықтарды, өзгерістерді еске түсіруге арналған.



Ашық онлайн сабақ **«Құлыншақ»** балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін ZOOM платформасы арқылы болды, Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің тіркеуіндегі азаматтар үшін **«Тәуелсіздік Хроникасы»** атты танымдық сағаты өткізілді.

Алғыс айту күні

Кітапхана қызметкерлері 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 25 жыл толуына орай **«Шын жүректен алғыс айтамын»** атты алғыс айту сағат өткізді. Іс-шараға арнайы қонақ ретінде Қазақстан Республикасындағы Беларусь Республикасы елшілігінің екінші хатшысы И. Иванов, Минск қаласының Сауда-өнеркәсіп палатасының өкілі Л. Акулич, «Спадчына» Беларусь мәдениеті орталығының директоры А. Хука қатысты. «Спадчына» мәдени орталығымен тығыз және өзара тиімді ынтымақтастықтың арқасында белорус авторларынан белорус және орыс тілдерінде 55 кітапты сыйға алды, оның 10 данасы электрондық тасымалдаушы аудиокітаптар.



Ынтымақтастықтың нәтижесінде кітапхана қоры белорус балалар авторлары А. Стельмах, С. Давыдович, А. Карлюкевич және басқа да авторлардың кітаптарымен толықтырылды.

Басылымдардың арасында 1927 жылы шығарылған Н. Арсеньеваның «Пад сінім небам» факсимильді кітабы бар.

Халықаралық әйелдер күні

Халықаралық әйелдер күніне орай кітапханашылар №38 гимназияның 1-3 сынып оқушыларының қатысуымен **«В марте есть такой денек»** әдеби ойын бағдарламасын өткізді.

Наурыз мейрамы

Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай кітапхананың оқу залында кітапхана пайдаланушыларына **«Наурыз - күт береке бастауы»** атты гастрономиялық көрме-экспозициясы ұйымдастырылды, онда қазақ ұлтының тағамдары және тағамдар туралы алуан түрлі қызықты басылымдар қойылды



Қазақстан халқының бірлігі күні

Қазақстан бір шаңырақ астында өмір сүріп, еңбек ететін көптеген ұлттар мен халықтар өкілдердің Отаны болды. Қазақстан халқының бірлігі күніне орай әлеуметтік желілерге кітапхананың ұйымдастыруымен әр ұлт өкілдерінің мәдениетімен таныстыру мақсатында №45 гимназияның 6-7 сынып оқушылары Дарья Алфимова, Теймур Джахангиров және Елизавета Шабалина беларус авторларының өлеңдерін беларус тілінде оқыса №15 ЖББОМ 7- сынып оқушысы Эвелина Бош өзбек және еврей билерін мың бұрала билеп пайдаланушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Сонымен бірге **«Ұлттық бейне»** викторинасы ұсынылды.

Жеңіс күні

Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай жыл бойы **«Менің отбасымдағы Жеңіс күні»** виртуалды акциясы Instagram желісінде сәуір айынан 30 қарашаға дейін онлайн нұсқада жасалды. Пайдаланушылар отбасылық архивтеріне зерттеу жүргізіп, Ұлы Отан соғысы ардагерінің өмірбаянын, мүмкіндігінше фотосуреттерді, өзге де материалдарды жинап, пост орналастыру арқылы өз отбасының тарихымен көпшілікпен бөлісіп қана қоймады, сонымен қатар, әдеби және көркемдік тұрғыда тартымды жаза білуді, ақпаратты дұрыс талдау арқылы ойын дұрыс жеткізуге машықтанды. Барлығы 38 жұмыс жарияланды, соның ішінде қаз тілінде 17, орыс тілінде 21. Қаралым саны-14766, 2893-лүпіл. Нәтижесінде «Менің отбасымдағы Жеңіс күні» электронды жинағы Auto Play Media Studio бағдарламасында жасалып, жарыққа шықты.



Жеңістің 75 жылдығына орай ұйымдастырылған келесі онлайн-іс-шара - **«1941-1945 жылдардағы соғыс туралы қазақстандық әдебиет»** флешбугы (Флешбук – интернет

желісіндегі кітап флешмобы). Айтулы датаға орай, балалар мен жасөспірімдердің Қазақстан тарихына деген қызығушылықтарын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілік пен өз еліне деген мақтаныш сезімін дарытуға ықпал ету, соғыс туралы қазақстандық әдебиеттерді жарнамалауды мақсат етіп қойдық және осы мақсатта @fleshbook2020 онлайн-ресурсы құрылды. Өткізу мерзімі 16 сәуірінен есепті жылдың 23 қазанына дейін. Шара аясында 17 жұмыс жарияланды, соның ішінде қазақ тілінде 12, орыс тілінде 5 жұмыс. Жарияланған жұмыстар 6790 рет қаралып, 1582 лүпіл жиналды.



Әлеуметтік желі жазылушылары арасында ерекше қолдау мен талқылауға ие болған музыкалық «**Жеңіс жыры**» атты музыкалық викторинаны атап өтуге болады. Ұлы Отан соғысы жылдары туралы туған өлеңдер мен әндердің орны бөлек. 2-9 мамыр аралығында Instagram парақшасында «**Жеңіс жыры**» музыкалық викторинасы қазақ және орыс тілдерінде әр күн сайын бір әннен жарияланып отырды. Әлеуметтік желіге жазылушылар сөзін, әнін жазған авторларын, әннің атын пікір қалдыру арқылы көрсетті. Жауаптар қорытындысын әннің шағын тарихымен бірге жарияланым күнінің аяғында хабарлап отырды. Қаралым саны- 5087, Лүпіл - 661

«**Соғыс жайлы бірер сөз. Я расскажу вам о войне**» атты қалалық театрландырылған қойылымдар байқауы елімізде болып жатқан төтенше жағдайға байланысты 2020 жыл ұйымдастырып, өткізу мүмкін болмағандықтан 2021 жылға ауыстырылды.

Саяси қуғын – сүргін құрбандарын еске алу күні

Кітапхана 31 мамыр саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай «**Бір музейдің тарихы**» атты тікелей эфир өткізді. Қарағанды облысында Карлаг тарихи ескерткіштерін зерттеу және сақтау және Қазақстан аумағында орналасқан еңбекпен түзеу лагерлерінің жазықсыз құрбандарын мәңгі есте сақтау мақсатында Долинка кентінің саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу музейінің бас қор сақтаушысы М. Клышникова музейдің құрылу тарихы, қызықты экспонаттар, Карлагта жазасын өтеген белгілі ғалымдар мен қамауда болған тұтқындардың өмірі туралы әңгімледі.



ҚР мемлекеттік рәміздер күні

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай кітапхананың әлеуметтік желілерінің жазылушылары үшін «**Менің Отанымның рәміздері**» атты бейнешолу өткізілді. Сондай-ақ кітапхана оқырмандары «**Мен туымды мақтан етемін**» акцияға белсене қатысты. Нәтижесінде 8 пост жариялданып, қаралым саны-7588, лүпіл саны-1078.



Балаларды қорғау күні

1 маусымда Халықаралық балаларды қорғау күніне орай 20 мамыр мен 20 маусым аралығында республикамызда «Барлығы балалар үшін» республикалық акциясы өткізілді. Акция аясында бірнеше тақырыптық блоктар қарастырылған. «Бала және отбасы» тақырыптық блок шеңберінде кітапханамыз отбасымен бірге жасаған ертегі костюмдерінің «**SUPER KIDS**» fashion-көрсетілімін өткізді, іс-шара отбасылық құндылықтарды, дәстүрлерді нығайтуға бағытталған.

«**SUPER KIDS**» fashion-көрсетілімінде балалар өз қолдарымен жасаған әр түрлі костюмдердің үлгісі көрсетілді. Шараға барлығы 10 бала қатысты. Көрсетілім кезінде ең көп қаралым жинаған Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының облыстық балалар шипажайының 3-сынып оқушысы Айсана Серғазының «Жадыраған жаз» және №93 гимназияның 1-сынып оқушысы Евангелина Молодущкинаның «Фея Фиалка», «Музыкалық нотасы бар көйлек», «Құлыншақ» балалар үйінің тәрбиеленушісі Екатерина Назарованың «Қызыл телпек» ертегі



кейіпкерінің костюмдер үлгісі әлеуметтік желі жазылушыларына көп қаралымға ие болды. Қаралым саны-10286, Лүпіл-1547.

Домбыра күні

Шілде айының бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күніне орай **«Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра»** атты бейнетүсірілім өткізілді. Кітапхананың оқырмандары Ислам Сайлаубек, Ақнұр Сәбит, Олжас Олжатайдың орындауларында Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын», Дәулеткерей Шығайұлының «Қос ішек» пен «Қоңыр» күйлерінен күй маржандарын тарту етті.

Жаңа жылдық ертеңгілік

Жаңа жыл мерекесіне орай кітапхана қызметкерлері әлеуметтік желі жазылушылары үшін 25-30 желтоқсан аралығында «Жаңа жылдық ғажайыптар» виртуалды кітап қоржыны, «Қыс сиқыры» бейнепост, «Әр елдің Аяз аталары» бейнеәңгіме, «Любимые книги Деда Мороза» атты әдеби шырша ұсынылып, балалар жаңа жыл мерекесіне арналған сан алуан басылымдармен танысты.

Әдебиеттерді кеңінен танымал ету

Балалар кітабының апталығы

Жыл сайын дәстүр бойынша наурызда аралығында кітапхана Балалар кітабы апталығы өтеді. Наурыз айының 11 күні **«Сәлем, саған кітап мерекесі!»** атты балалар кітабы апталығының салтанатты ашылуы болды. Шараның ашылуында №2 өнер мектебінің 3 сынып оқушысы М. Болатбеков және Абдильдиндер жанұясы өнер көрсетті. Сондай-ақ балалар композиторы Л. Мельникованың туғанына 65 жыл толуына орай В.Ф. Потанин (Ресей) атындағы Қорған облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының оқырмандарымен бірлесіп «Сырлы саз сыйлаған» атты online – шығармашылық кеші өткізілді.

Апталықтың әр күні оқырман балалардың қатысуымен бір шарадан өткізу жоспарланған болатын, бірақ пандемияға байланысты іс-шаралар кейінге шегерілді. **«Оқырман Бенефисі»** кітапханада үздік оқырмандарды түрлі номинациялармен марапаттау мақсатында жыл сайын өткізілетін жобасы қыркүйек айында онлайн түрде өткізілді.



Пандемияға байланысты номинация иелерін санитарлық талаптарға сәйкес жекелей шақырып марапатталды. 2019 жылдың қорытындысы бойынша үздік оқырмандар мынадай номинациялармен марапатталды: «Ең бірінші оқырман» – Эдуард Берлейн, «Кішкентай оқырман» – Замир Абдуллаев (2 жас), «Фэнтези оқырманы» – Агния Корешникова, Зинфира Сафина, «Мәңгілік классика» – Екатерина Цветкова, Таңшолпан Әділхан,



«Кітапхананың айнымас досы» – Айсұлу Владимирқызы, «Болашақ детектив» – Тамаз Оралкен, Диана Муллаянова, «Адал оқырман» – Данил Коровкин, «Соғыс туралы әдебиет білгірі» – Лебединский Андрей, «Окитын отбасы» – Василечко отбасы: Валерия Владимировна, Сергей Васильевич, Вячеслав Влада. Әрбір номинация иелеріне арнайы дипломдар тапсырылып іс-шара демеушісі «Fiir.kz» интернет- дүкені ұсынған сыйлықтар жүлдегерлерге арнайы шақырылған қонақтармен әлеуметтік серіктестер марапаттап тапсырды.

Жыл сайын кітапхана өз оқырмандарын **«Туған өлке – тұнған тарих»** атты өлкетану кітап көрмесі арқылы біздің өңірдің атақты тұлғаларымен және жыл мерейгерлерімен таныстырады. 2020 ж мемлекет және қоғам қайраткері, Қарағанды облысының тумасы Нығмет Нұрмақовтың; даңқты ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор, академигі, жазушы Евней Бөкетовтің; Ұлт Көшбасшысы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың; журналист, публицист Валерий Могильницкийдің; ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, қарағандылық ақын Серік Ақсұңқарұлының мерейлі мерейтойларына көрме рәсімделді. Көрмеде атақты тұлғалардың өмірі, шығармашылығы туралы кітаптар,



сондай-ақ мерейтой иелерінің көркем шығармалары мен еңбектері ұсынылған. Кітапхананың оқу залында «Танысыңыз, жаңа кітаптар!», «Рухани келісім-бірлік пен тұрақтылық кепілі», «Менің Отанымның рәміздері», «Қазақстан лаңкестікке қарсы күресте», «Астана елімнің жүрегі», «Менің тілім мәңгі жасайтын өлең жыр» атты кітап көрмелері ұйымдастырылды.

«**Рухани жаңғыру-ұлт жаңғыруы**» атты кітап көрмесіне 44 басылым қойылып жаңартылып тұрды. Көрмеде ұсынылған кітаптар мен журналдар қазақстандық қоғамның рухани жаңғыру стратегиясын түсінуге және қабылдауға көмектеседі. Оқырмандарға «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында шыққан «Жаңа гуманитарлық білім» басылымдары танысуға ерекше қызығушылық тудырды.



Дәстүрлі «**Бір ел - бір кітап**» республикалық акциясы аясында таңдалған Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романын жарнамалау, аталған шығармаларды оқуға шақыруға бағытталған шаралар аясында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына

Түркі жұртының ұлы ойшылы, ғалым, энциклопедист, гуманист Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай «Әл-Фараби ғибраты» атты виртуалды кітап көрмесінде ғұламаның философиялық еңбектері туралы жан-жақты мағлұмат берілді. Әбу Насыр әл-Фарабидің 7 томдық қазақ және орыс тілдеріндегі жинағына бейнетұсаукесер өткізілді. Қаралым саны -940. Лүпіл 155. 2020 жылға жоспарланған «Әл-Фараби – өркениет философы» интерактивті зияткерлік ойыны өткізілген жоқ. Шараны 2021 жылға өткізу қайта жоспарланды.



Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына

Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай «**Абай мұрасы – мәңгілік мирас**»



көрме-инсталляциясының тұсаукесері болды. Тұсаукесерге қала мектептерінің оқушылары, мектеп және көпшілік кітапханаларының кітапханашылары, оқырмандар қатысты. Көрменің ашылуы



туралы жергілікті телеарналарда телесюжет берілді. Мерейтой шеңберінде №38 гимназияның педагогикалық ұжымы ұйымдастырған «**Әлем таныған Абай**» дөңгелек үстеліне қатысу туралы шақырту келді. Көрме-инсталляциясы бойынша 1-10 сынып оқушыларына (200-ден астам адам) арналған шолу жасалды. Сондай-ақ кітапхана қызметкерлері Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардиясының 5451 әскери бөлімшесі және Қарағанды облысы Әділет департаменті, Қарағанды облысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлеріне ақынның шығармашылығы бойынша ақпараттық сағаттар өткізді.



Абай мұрасын насихаттау, оның жеке тұлға ретінде



қалыптасуы, қазақ әдебиеті мен мәдениеті үшін шығармашылығының маңыздылығы туралы көпшілік дәрістер өткізу жоспарланған болатын. Жоспарланған 4 дәрістің алғашқысы 12 ақпанда Н.Нұрмақов атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-



интернаты, «Дарын» Қарағанды облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының оқушылары үшін Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ профессоры, ф.ғ.д. Б. С. Рақымовтың «**Абай жаққан бір сәуле...**» дәрісімен басталды.

2-ші және 3-ші дәрістер онлайн нұсқада өтті, жергілікті абайтанушылар Б.М. Мұсабеков пен «**Абай шығармашылығындағы адамгершілік құндылықтары**» және М. А. Азбанбаевпен «**Абай әлемі**» тақырыптарында онлайн-сұхбат түрінде өткізілді. Онлайн-сұхбаттар әлеуметтік желілерде 1483 рет қаралды.

Биыл тамыз айының 10-шы жұлдызында алғаш рет Абай күні аталып өтуіне орай жоспардан тыс кітапхананың инстаграм парақшасында Ақтөбе қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қатысуымен «**Вечное наследие Абая**» атты тікелей эфир өткізілді. Абай портретін кубик рубик арқылы жасап, көпшілікке танымал болған жас қолөнер шебері Тынысбек Бөпіштайдың қатысуымен болған тікелей эфир Instagram-дағы кітапханалық парақшаға жазылушылар үшін қызықты болды. Рубик текшелерінің көмегімен жасалған ерекше жұмыстардың авторы өзінің хоббиі мен болашақ жоспарлары туралы айтты. Әңгіме барысында жасау технологиясы туралы бейнеролик көрсетілді.




2020 жылы 13 қараша күні академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде қазақ халқының ұлттық руханиятының ұлы тұлғасы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «**Ұлы Абайдың мұрасы – ұрпақтарға тағылым**» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға Абай мұрасын зерттеуші Қазақстан мен алыс-жақын шетелдің ғалымдары, қоғам қайраткерлері қатысты. Пленарлық отырыста қоғам және мемлекет қайраткерлері Сауытбек Абдрахманов пен ҚР ҰҒА академигі, абайтанушы Ғарифолла Есім қатысып, баяндама жасады. Аталмыш конференцияға «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалалар кітапханасы» КММ басшысы Уатаева Баян Қуанышқызы қатысты. Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы «Абай академиясы» ғылыми зерттеу институтының жобасы аясында абайтану мәселесіне арнап жарық көрген кітаптарын институт директоры Ерлан Ерназарұлы Сайлаубай кітапхана қорына табыстады.



Сонымен қатар ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ф. ғ. д., профессор, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, айтыскер ақын Аманжол Дүйсенбайұлы Әлтаевтың «Абай» кітабының тұсаукесер рәсімі өткізілді. Автор Абай туралы тұжырымды түйіндер мен оқшау ой-пікірлері топтастырылған кітабын кітапханаға сыйға тарту етті. Бұл құнды тартулар кітапхана төрінен орын тауып, оқырмандар үшін баға жетпес байлық болары сөзсіз.

Сапарғали Бегалиннің 125 жылдығына

Кітапхананың ұйымдастыруымен қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы, көрнекті жазушы Сапарғали Бегалиннің туғанына 125 жыл толуына орай «**Балалар әдебиетінің алыптарының бірі**» тақырыбында ZOOM платформасы арқылы Алматы қаласындағы С. Бегалин атындағы қалалық кітапхана және ШҚО балалар және жасөспірімдер кітапханалары мен Абай атындағы ОБК қатысуымен тікелей эфир өткізілді. Тікелей эфир барысында жазушының өмір жолы мен шығармашылығы, ақындық, аудармашылық еңбектері, балаларға арналған туындылары, жазушылық жолындағы түрлі ізденістері төңірегінде сөз болды. «Бала жанының білгірі» атты кітап көрмесі ұсынылды. С.Бегалин атындағы балалар кітапхана қызметкерлері 3D көрме дайындап, көрмеде мерейтой иесінің өмірі туралы әдебиеттер, оның шығармалары, фотосуреттері, жазушының портреті және кітапхана мұражайынан Сапарғали Бегалиннің жеке заттарымен таныстырып шолу жасады. Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы «Халқының сүйікті жазушысы» тақырыбында баяндама жасады. Кітапханамыздың тұрақты оқырмандары С. Бегалиннің туындыларынан үзінділер оқыды.



Қадыр Мырза Әлінің 85 жылдығына

Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, балалар ақыны Қадыр Мырза Әлінің 85 жылдық мерейтойына арналған республикалық «Қазақтың Қадыры» онкүндігіне орай кітапханада «**Өлең сөздің зергері – Қадыр ақын**» атты поэзия кешіне Қарағанды қаласының ЖББОМ №17, №6 және №92 гимназияның 2-4 сыныптың оқушылары қатысты.



Кеш барысында Қадыр Мырза Әлінің өмірі мен оның ел игілігі үшін қалдырған мұралары туралы тереңнен сөз қозғалды.

Қазақ балалар әдебиетіне, қосқан зерлі қаламгердің шығармалары халық жадында мәңгі сақталмақ. Мектеп оқушылары ақынның «Қақаған қаңтар», «Маубас мысық», «Мазасыз доп», «Ер-тұрман» өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды. Балалалар Қ. Мырза Әлінің «Алтын омырау», «Күміс қоңырау», «Қылыш пен қанжар» және т.б. шығармаларымен танысты. Кітапхана аталған іс-шараға белсене қатысқаны үшін Қазақстандық кітапханалық Одақтың алғыс хатымен марапатталды.



Нығмет Нұрмақовтың 125 жылдығына

22 қыркүйек күні кітапхананың Instagram «**Нығмет Нұрмақов өмірі - өшпес мұра**» онлайн-іс-шарасы өтті. Тікелей эфир көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, талантты публицист, қазақ мәдениетінің көрнекті өкілі Нығмет Нұрмақовтың 125 жылдығына арналды.



Кездесуге Н.Нұрмақов атындағы дарынды балаларға арналған №2 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының қызметкерлері: мектеп мұражайының меңгерушісі Р. Секербекова және кітапхана меңгерушісі Л.Тоғанбекова қатысты. Кітапхананың Instagram-дағы әлеуметтік парақшасының жазылушылары қоғам қайраткері Н. Нұрмақовқа арналған мектеп мұражайы тарихы мен жәдігерлері туралы мәліметтер білді.



Жүмекен Нәжімеденовтың 85 жылдығына

Кітапханада қазақ әдебиетінің қабырғалы қаламгері Жүмекен Нәжімеденовтің туғанына 85 жыл толуына орай «**Жүмекеннің баға жетпес таланты**» атты бейнедәріс автордың шығармашылығын зерттеуші Марат Азбанбаевтың қатысуымен өткізілді. Жүмекеннің есімі, Марат Ақторғайұлы айтқандай, Қазақстанның Шахтер астанасының қалыптасу тарихына алтын әріптермен жазылды. Қарағандының басқа да даңқты есімдерінің арасында бұл есімді мәңгі есте қалдыру бүгінгі ұрпақтарының парызы екендігі сұхбат барысында атап өтті.



Зерттеуші көзі тірісінде Ж. Нәжімеденовтің жары – Нәсіп апаймен таныс болып, ақынның шығармашылығы туралы көптеген мәліметтер алғаны туралы айтты. «Жыр да жазған, кен де қазған – Жүмекен» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды онда автордың көзі тірісінде жарық көрген сирек кездесетін басылымдар мен заманауи жинақтары да орын тапты.



Кеншілер күніне

Тамыздың соңғы жексенбісі Қарағандылық кеншілердің төл мерекесі осы айтулы датаға орай мектеп жасына дейінгі бастауыш сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімнің қызметкерлері «**Мерейлі мереке-кеншілер күні**» атты бейнепрезентация дайындап кітапхананың әлеуметтік парақшаларына ұсынды.

Экологиялық тәрбие

«Құлыншақ» балалар үйінің тәрбиеленушілерінің қатысуымен балалар жазушысы, ертегіші, натуралист Н. Сладковтың туғанына 100 жыл толуына орай «**Орман ертегілері**» атты әдеби серуен өткізілді. Балаларға жазушының шығармашылығымен таныстыратын слайд-презентация ұсынылды. Шара барысында балалар «Всеми свое время», «Сказки на

ночь» аудио-ертегілерін тыңдап, Н.Сладковтың шығармалары бойынша әдеби викториналарға белсенді қатысты.

Құқықтық тәрбие

30 тамыз Конституция күніне орай Instagram, Facebook, ВКонтакте әлеуметтік желілерінің пайдаланушылары мен жазылушылары үшін кітапханашылар Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығын мерекелеу қарсаңында **«Ата Заң-Алаш мұраты»** құқықтық информ-дайджестін дайындады. Парақшаларға кірушілер ақпараттық дайджест арқылы Қазақстанның Тәуелсіздіктің басты жалпыхалықтық игілігі – Конституцияға қол жеткізуінің тарихымен және ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын жариялаған Негізгі Заңның тезистерімен таныса алды.

Рухани келісім күні

Кітапханада 15 қазан күні **«Рухани келісім – бірлік пен тұрақтылық кепілі»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Айтулы шараға орай ұйымдастырылған кітап көрмесі жас оқырмандарды ұлтаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясат, Қазақстанның көпұлтты халқының қалыптасу тарихы туралы баяндайтын өзекті басылымдармен таныстырады. Кітап көрмесіндегі материалдары бойынша ең қызықты және танымдық басылымдар бойынша виртуалды шолу жасалды. Виртуалды шолу кітапхананың барлық әлеуметтік желілерінде орналастырылған. Кітапхана пайдаланушылары кітап көрмесімен қашықтықтан танысып, тамашалай алуға мүмкіндіктер жасалды.



Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл

Қазақстанда және әлемде лаңкестік пен терроризмге қарсы жүргізіліп жатқан іс-әрекеттерді жас жеткіншектерге түсіндіру мақсатында кітапханада **«Қазақстан лаңкестікке қарсы күрес»** атты ақпараттық шолу өткізілді.



Іс-шараға Мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернатының 8-сынып оқушылары қатысты.

Кітапханашы оқушыларға жат ағымдарды түсіндіріп, терроризм мен экстремизмді жекелеме жіктеп, оның себептері мен негізгі мақсаттары туралы ақпарат берді. Сонымен қатар оқушылардың назарына жастар арасында идеологиялық саясатты қалыптастыру туралы «Діни экстремизм» атты бейнебаян көрсетілді. Аталмыш шара соңында кітап көрмесіне шолу жасалды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Кітапхана пайдаланушыларына **«Сыбайлас жемқорлыққа - жол жоқ!»** тақырыптық сөресі ұйымдастырылды.



Жоба бойынша жұмыс

«Жетістік формуласы» бенефис-шоуы



«Жетістік формуласы» жобасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен есептік кезінде **«SARYARQA»** телеарнасында 7 телетүсірілім өтті. Пандемияға байланысты телебағдарламаның кестесі де өзгертіліп телетүсірілімнің барлығы IV-ші тоқсанда жүзеге асырылды.



«Жетістік формуласы» бенефис-шоу жобасы

аясында диалог алаңында хоккейден Қазақстанның жастар құрамасының және «Сарыарқа» хоккей клубының қорғаушысы Демид Еремеев; кәсіпкер, «Яндекс.Такси» жүйесі бойынша Қазақстанда такси паркін құрушы Тимур Құдайбергенов; Ақтау қаласынан келген жас педагог, Англияда өткен ұстаздар арасындағы халықаралық байқаудың «Әлемдегі үздік химия пәнінің мұғалімі» номинациясы бойынша жеңімпазы Жігер Телюқанов; Рио-де-Жанейро жазғы олимпиадасының қола жүлдегері Эльмира Сыздықова; «Қазақ», «Спарта» КТК мүшесі, әнші, әртіс Гүлнар Сильбаева; қазақ елінің қайсар да талантты әншісі, «Серпер» жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тамара Асар жобаның құрметті қонақтары болды. Бағдарлама 8877 рет қаралып, 1018 лүпіл жинады. Ең көп қаралған бағдарлама Жігер Телюқановпен болған кездесу, қаралым саны-1988.



«Киіз үй» этноконструкторы

«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында мәдениетті, тарихты және рухани мұраны насихаттауға бағытталған «Киіз үй» этноконструкторын құрастыру бойынша тренингтер өткізілді. Аталған этноконструктордың жаһандану дәуірінде балаларды ата-дәстүрден ажыратпай, ұлттық болмысқа сай тәрбиелеу ісінде маңызы аса зор. Қарағандылық балаларға киіз үймен жақынырақ танысуға толық мүмкіндік жасалып, қала мектептерінің базасында, бала бақшаларда 2 тренинг өткізілді. Киіз үйдің тарихы және оның негізгі элементтерімен танысқан балалар экологиялық таза шикізаттан жасалған «Киіз үй» этноконструкторы зор қызығушылықпен жинап құрастырды.


«Балалар. Жаз. Кітап» кітапханалық алаңы

Карантин кезінде кітап оқу қол жетімділігін барша оқырман балаларға қамтамасыз ету мақсатында «Жаз.Балалар.Кітап» атты ұзақмерзімді жобасының жұмысы онлайн түрде өткізілді. Жоба аясында аптаның әр күні белгілі бір тақырыпқа арналған: Әр дүйсенбі сайын: жас оқырмандарға арнап «Тоғыз құмалақ: ойынның мәні мен ережелері»; «Асық ойыны – ұлттық тәлім-тәрбиенің көзі»; «Дойбы: ойыны:ойнау ережелері»; «Арқан тартыс-ұлттық ойыны» түрлері бойынша тақырыптық онлайн посттар, онлайн-ақпараттық әңгімелер жасалды. Әр сейсенбі сайын бейнеәңгіме, виртуалдық танымдық сағаттар қойылды. Әр сәрсенбі сайын: «Жазғы оқу залы». Жас оқырмандар мен олардың ата – аналарына арнап бейнешолу, виртуалды кітап жұлдызшалары, виртуалды кітап қоржыны, әлеуметтік желілерге қойылды. Әр бейсенбі сайын: «Кітап оқу қызықтары» жаңа кітаптар мен раритет кітаптарға бейнешолулар жасалды. Әр жұма сайын: әлеуметтік желілерде «Қазақфильм» және «Сақ» киностудияларының қазақ тіліндегі мультфильмдері көрсетіледі.

Волонтер жылы

Президент жарлығымен 2020 жыл «Волонтер жылы» деп жарияланды. Талапты жастардың атқарып жатқан істерін білу мақсатында кітапхананың ұйымдастыруымен тамыз айының 25 күні «Азамат» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, волонтер Дәурен Рахымбектің қатысуымен Instagram әлеуметтік желісінде тікелей эфир өткізілді.

Диалог барысында әлеуметтік параққа жазылушылар волонтерлердің рөлі және мақсаты туралы білді. Елге тегін қызмет көрсетіп жүрген еріктілер, ерікті болу үшін – табандылық пен мықты ерік-жігердің керек екенін айтады.



«Жетістік формуласы» бенефис шоуы жобасы аясында «Асар» қоғамдық қорының атқарушы директоры ерікті Санжар Көбентаевпен қала мектептерінің оқушылары кездесті.

2020 жылдың басында Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ физика-техникалық факультеті мен кітапхана арасында ынтымақтастық туралы келісімшарт жасалды. Соның нәтижесінде университетінің 3-курс студенттері волонтер ретінде кітапханадағы шараларға атсалысты.



Балалар жұлдызды аспан, жұлдыздар және астрономиялық аспаптың – телескоптың құрылу тарихы туралы әңгімені қызығушылықпен тыңдады.

29 қараша күні кітапханада «28 петель» клуб мүшелерінің қатысуымен кездесу өтті.



Іс-шара қонақтары кітапхана оқырмандары үшін шұлық тоқудан шеберлік сыныбын өткізді. Клубтың негізгі мақсаты жетілмей туған нәрестелерге арнап жылы киім-кешек тоқып тапсыру. Клуб мүшелері өздері тоқыған бұйымдарды Қарағанды, Теміртау, Балқаш перзентханаларына тегін тапсырады.



Халықаралық қарттар күні



Қазанның бірінші күні кітапханада қарттар күніне кітапхананың кәсіподақ комитеті ұйымдастырған «Қарттарым-асыл қазынам!» атты құттықтау күні болды. Осы күн кітапхана қабырғасында кәсіби қызмет етіп жүрген қызметкерлері, және құрметті демалысқа шыққан аға буын өкілдеріне ұжым әкімшілігі арнайы барып, ардагерлерімізді құттықтады.

VII. АНЫҚТАМАЛЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Жыл ішінде «Мақалалар» МБ 1226 б/ж (с.і. қазақ тілінде 768 б/ж) енгізілді.

	жоспар	орындалуы	с.і.қазақ тілі	орыс тілі
Барлығы	1500	1226	458	768

Ағымдағы жылы 274 библиографиялық жазба енгізілді. Себебі карантинге байланысты мерзімді басылымдар жиналып сипатталмады, өйткені кітапханашылар қашықтағы жұмыста болды. Мақалалардың б/ж жасау 17 тамыздан басталды.

Жыл ішінде 250 библиографиялық анықтама орындалды: оның 146 қазақ тілде, 104 орыс тілінде.

	Анықтамалар	с.і.қазақ тілінде
Тақырыптық	198	83
Мекенжайлық	33	14
Нақтылайтын	17	6
Фактографиялық	2	1
Барлығы:	250	104

Тапсырыстың ішіндегі аса қызықтылары:

- М. Байсеркеновтың «Сахна және актер», Д.Тұранқұлованың «Сахна – тілі», Г.Товстоноговтың «Круг мыслей» атты кітаптары бар ма? Бұл сұрақтың қызық болған себебі, оны орындау үшін қосымша библиографиялық зерттеу қажет болды.

- Күйші Аққыз Ахметқызы туралы қағаз басылымдарынан ақпарат қажет?

- Табиғат әлемі кітабы бойынша сіздерде қылқан жапырақты ағаштар туралы мәліметтер бар ма?
- Қорда әлеуметтік экономикалық географияға арналған кітаптар бар ма?
- Еріктілер жылы туралы мақалалар бар ма?
- Финдус туралы алғашқы кітап қандай?
- Ақын Абай Құнанбаевтың қанша баласы болды? Және мұрагерлерінің өмірбаяны?

Электронды қызметтер

Кітапхана сайтында **онлайн кеңесші «JivoSite» v3.05.3** модулі жұмыс істейді, ол пайдаланушыларға онлайн жауап беруге мүмкіндік берді.

Есепті кезеңде «JivoSite» v3.05.3 онлайн кеңесші және виртуальды анықтама бойынша 91 сұраныс орындалды. Олар: живосайт бойынша 72 анықтама (с.і 33 қазақ тілінде), онлайн кеңесші бойынша 19 (с.і 10 қазақ тілінде.).

Мақалалар мен кітаптарды сандық түрге көшіру

Жыл ішінде өлкетану бойынша 62 мақала, оның ішінде қазақ тілінде 57 мақала және 5 кітап сандық түрге енгізілді. Олар жергілікті автор Н. Инжевскаяның балаларға арналған «Придумки от Алинки. Что это за явления?», «Придумки от Алинки. Вот они какие», «Придумки от Алинки. Про двор», «Придумки от Алинки. Про чистоту» Ч.1, Придумки от Алинки. Про чистоту. Ч.2.

Атауы	мақала саны, кітап/көлемі	оның ішінде қазақ тілінде	Бет саны	оның ішінде қазақ тілінде/ көлемі
Газеттер	41 (8,66 мб)	3 (0,98 мб)	56	9
Журналдар	16 (15,65 мб)	9 (13,56 мб)	54	20
Барлық мақалалар	57 (24,31 мб)	12 (14,54 мб)	110	29
Кітаптар	5 (142 мб)	-	144	-
Барлығы:	62 (166,31 мб)	12 (14,54 мб)	254	29

VIII. ҰЙЫМДАСТЫРУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ

Аналитикалық қызмет

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының есеп тапсыру кестесіне сәйкес облыстың балалар кітапханаларының 2019 жылғы жұмысы туралы есебі және 2020 жылға арналған жұмыс жоспарлары қабылданды. Облыстың қызметі бойынша балалар кітапханаларының 2020 жылдың 1 жартыжылдығындағы есептер ұсынылды.

Облыс кітапханаларына кеңестік-әдістемелік көмек көрсету

Абай атындағы ОБК облыстың балалар кітапханаларының қызметін дамыту және бағыттау әдістемелік орталығы болғандықтан, түрлі семинарлар, тағылымдамалар, кеңестер мен әдістемелік оқулар арқылы біліктілікті арттыру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізеді. Кітапхананың басқа іс-шаралары сияқты семинарлар да онлайн форматта өтті. Ағымдағы жылғы 30 қыркүйек күні «**Балалар кітапханасы өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеудің ресурсы ретінде**» атты тақырыпта облыстық практикалық онлайн-семинары ZOOM платформасында өткізілді. Семинарға Қарағанды қаласы мектеп кітапханаларының меңгерушілері және де облыс бойынша 31 балалар кітапханаларынан 92 маман кітапханашы қатысты. Шара барысында Қарағанды облысының балалар кітапханалары патриоттық тәрбие беру бойынша жұмыс тәжірибесімен бөлісті. Кітапханашылардың назарына Қарағанды облысының барлық балалар кітапханаларының оқырмандары



Баспа қызметі

Есепті кезеңде жылдық жоспарға сәйкес 7 әдістемелік құралдар басылымға дайындалып, жарыққа шығарылды (4-і қазақ тілінде 3-і орыс тілінде):

1. Балалар ақыны Оразақын Асқаровтың туғанына 85 жыл толуына орай «Бала жүрегіне жол тапқан» әдістемелік құрал және ақынның шығармашылығына бейнешолу;
2. «Туған жерге тағзым» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қарағандылық балалар композиторы Людмила Мельникованың туғанына 60 жыл толуына орай «Детство – это сказка, а у сказки – чудо» - электронды биобиблиографиялық көрсеткіш;
3. «Бір ел – бір кітап» акциясына бетбелгі;
4. «Айтулы және атаулы күндер күнтізбесі 2021 жыл» (қазақ, орыс тілдерінде);
5. «Новые креативные и нестандартные сервисы и формы в деятельности детских библиотек» - әдістемелік кеңестер;
6. Күйші Дәулеткерей Шығайұлының туғанына 200 жыл толуына орай «Музыкальное искусство казахского народа в конце XX века» - бейнеформаттағы музыкалық жаднама;
7. «Менің отбасымдағы Жеңіс күні» виртуалды Акцияның электрондық шығармалар жинағы.

IX. КІТАПХАНАЛЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

Бүгінгі күнге Абай атындағы ОБК-да кітапханалық-библиографиялық процестерді автоматтандыру жұмыстары жалғасын табуда. Кітапхананың біршама қызметі жүйелі түрде пайданаушыларға автоматтандырылған режимде қызмет көрсетуде.

Кітапханада 32 компьютер бар оның барлығы интернетке және локальды жүйеге қосылған. 2011 жылы кітапханаға 1 сервер алынған. Microsoft Windows Svr std 2008 ОЖ орнатылған, жадысының көлемі 500 ГБ болғандықтан онда тек кітапханалық бағдарлама «Ирбис 64» электрондық каталогы ғана сақталады. Кітапхананың құжаттарын сақтау үшін бүгінде жұмыс компьютері пайдаланылып отыр. Осы орайда кітапханаға екінші сервер қажеттілігі туындайды. Компьютерлердегі процессордың тез әрекет ету параметрлеріне тікелей байланысты. 12 компьютердің процессоры Pentium(R), 11 компьютердің процессоры Intel Core i3, 2 компьютердің процессоры Intel ® Celeron, 7 компьютердің процессоры Intel Core i5 болғандықтан көбісінікі ескірген. Компьютерлердің көпшілігінің жедел жадысының қажетті көлемі 2,00 ГБ яғни өте төмен.

Бүгінгі күні процессор Intel Core i5 қолданыста болғандықтан, Pentium(R) және Intel ® Celeron процессоры Windows 10 заманауи операциялық жүйесінде және Microsoft Office 2019 бағдарламалық қамтылым жүйеде жұмыс істеу үрдісі өте баяулайды.


Кітапхана жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген. IP мекен жайы 85.92.121.237, кірісі 90 мб, шығысы жылдамдығы 90 мб. Кітапхана үдерісін автоматтандыру бөлімі кітапхананың Internet желісінің дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз етіп, 16-порт коммутаторын айырбастап жаңасы қойылды. Компьютерлердегі техникалық ақауы бар бір монитор жөнделді. Нотбуктың экраны айырбасталды.

Кітапханадағы лицензиялық бағдарламалар: Ирбис 64, 1С:Предприятие 8.3., Adobe Photoshop CS5, Corel Draw x4, Corel Draw x5, Corel Draw x6, ABBYY fine Reader 10.0, ABBYY fine Reader 11.0, ABBYY lingvox 3-2, windows7, Антивирус Касперский. Бағдарламалық қамтамасыздандырудың көбісі ескірген жаңартуды талап етеді. Тек жыл сайын АнтиВирус бағдарламасы мен Ирбис 64 бір жылға жаңартылып отырады.

Жыл басында кітапхананың «ИРБИС 64» бағдарламасы арқылы кітаптарға штрих-кодтар еңгізу үшін термотрансферлі ZEBRA GK420T принтер мен ZEBRA LS1203 сканер алынып, штрих-кодтар шығарылды. Zebradesigner бағдарламалық қамтамасыздандырумен жапсырманың (этикетки) дизайны жасалынды. Бөлімдерге штрих-код сканерімен жұмыс жасауды үйрету жұмыстары жүргізілді.

«ИРБИС 64» автоматтандырылған жүйесімен жұмыстар жүргізіліп, желтоқсан айының аяғында ИРБИС 64 бағдарламасы жаңартылды. «Электрондық кітап беру» (АРМ «Книговыдача») кітап берілімін іске қосу үшінші тоқсанға жоспарланып отыр, бұл кітапхана көрсеткіштерін автоматты түрде есептеуге мүмкіндік береді.

ИРБИС64 + ресурстарына қол жеткізуге арналған www-сервер шлюзінің модулі «Web-ИРБИС64+» алынды. «Web-ИРБИС64+» арқылы оқырмандар веб-браузер арқылы ИРБИС дерекқорына: электрондық каталогтарға, басқа библиографиялық базаларға және толық мәтінді құжаттардың электрондық коллекцияларына қол жеткізуін қамтамасыз етті.



Кітапхананың сайты Www.oddb-abai.kz көлемі 5 Гб қазіргі уақытта 3.7 Гб. 2020 жылы Сайт Joomla платформасынан WordPress платформасына ауыстырылды. Соған байланысты сайттың қызмет көрсету: виртуалды анықтама, қызмет сапасын бағалау, тіркелу бөлімдері жұмыс істемейді, себебі сайтты құру барысында дұрыс жасалмаған. Сондықтан сайтты жаңадан құру жоспарланып отыр. Сайтқа тіркелушілердің тізімін сайт арқылы кітап мерзімін созырғандар арқылы белгілеп отыроамыз. Яғни сайтпен жұмыс әлі де жалғасуда. Сайттың 13 айдары бар, оның бесеуі баннер ретінде жанына орналастырылған. Біздің басылымдар, біліктілікті арттыру, бірегей басылымдар, жаңа кітаптар, оқырманды қалай тәрбиелеуге болады, маманның кеңесі, клуб және үйірме, үздік оқырмандар айдарлары жаңартылып, ақпараттармен толықтырылды. Жетістік формуласы, қолтаңба баннерлеріне де толықтырулар мен өзгертулер енгізілді.

Биылғы жылы кең көлемде аталып өтіп жатқан ұлы Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына орай кітапхана сайтына кітапханадағы Абай мұрасын толық көрсететін «Кітапхана және Абай» атты айдар орналастырылды.

Күнделікті жаңалықтар мен анонстар сайтқа жүктелінді. Сайтқа 57 жаңалықтар, 21 анонс қойылды (www.oddb-abai.kz).

Қашықтықтан жұмыс істеу барысында кітапхана үдерісін автоматтандыру бөлімі әртүрлі қосымшалар (Scoopra Video, InShot) мен бағдарламалық қамтамасыздандыру (Movavi Video Editor Plus, Киностудия Movie Maker Windows) арқылы болып жатқан жаңалықтарға, жаңа кітаптарға, іс-шараларға 158 бейнепрезентация, 32 бейнеролик, 44 бейнемонтаж жасалынды. Сонымен қатар Adobe Photoshop бағдарламасымен кітапхананың апта сайын өткізілетін іс-шаралар жоспарының афишаларымен тікелей эфирде жүргізілетін кездесулердің 26 анонсын жасады. Инстаграм және Facebook әлеуметтік желісінде өтізілген тікелей эфирге, ZOOM платформасында болған конференцияларға техникалық қолдау көрсетті. Инстаграм, Вконтакте, Facebook желілеріне және YouTube каналына кітапхананың онлайн іс-шаралары туралы мәліметтер, онлайн өтеген тікелей эфирлер жүктелінді.

Кітапхананың YouTube арнасы «Библиотеки Карагандинской области» арнасына тіркеліп бейнероликтер жүктеді.

Кітапханада өткен іс – шараларды фото, бейне таспаға түсіріп монтаж жасалынды. Инстаграм, Вконтакте, Facebook әлеуметтік желілеріндегі қаралым мен лүпілдің санын әр жұма сайын бір апталық және айына бір рет ай сайынғы статистикасын саналды.

Сайттың Яндекс Метрика есептегіші арқылы 2020 жылғы статистикасы төмендегідей анықталды:

- Каралымы - 42632
- Келушілер - 12668
- Келімі – 17854

Бақылау көрсеткіштер (Әлеуметтік желілер бойынша Статистика)

Әлеуметтік желілердің атауы	жазылушылар	жарияланымдар	қаралым	лүпіл
facebook	926	620	72085	11625
Instagram	3596	697	321561	53868
vk.com	5913	648	130564	18696
YouTube канал	116	90	2852	894
Барлығы:	10551	2055	527062	85083



Кітапхананың ақпараттық технологияларымен қамтамасыз етілді.

	Компьютер барлығы		ноутбук	сервер	принтер			сканер		ксерокс	КФҚ	факс	проектор	Бук-р
	2019	2020			лазерлік	түрлі-түс лазерлік	Принтер штрих-код	сканер	сканер штрих-код					
ОБК	32	32	2	1	6	1	1	4	5	1	1	1	1	2

X. КІТАПХАНАНЫ БАСҚАРУ. ЕҢБЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

2020 жылы кітапхана жұмысының олқы сәттері анық байқалып, мекеме қызметін оңтайлы ұйымдастыру аясында көптеген іс-әрекеттер қайта қаралды.

Онлайн тәртіпте жұмыс жасауға бейімделу мәселесі біршама уақытты алды. Ұйымдастыру кезеңінде әр бөлім басшысы мен қызметкер өзінің жұмыс жоспарын жасап, кестеге сай жұмыс жасау керектігі баса айтылды. Қызметкерлерді қашықтықтағы режимге ауыстыру бойынша бұйрық, негізгі еңбек шартына қосымша келісімшарт жасау жұмыстары жасалды. Қызмет аясы тек кітапханадағы жұмысты қамтитын қызметкерлердің (кітап қорын өңдеу бөлімінің қызметкерлері, техникалық қызметкерлер және т.б.) кітапхана автокөлігімен кестеге сай жұмысқа барып-келуі ұйымдастырылды. Кітапхана жұмысының жоспары толығымен онлайн форматқа сай икемделіп қайта жасалды. Кітапханашының негізгі құралы кітап болғандықтан, оны жарнамалау мақсатында әр түрлі стратегиялар мен ерекше формалар ойластыру да маңызды болды. Осы орайда кітапханашылардың ақпараттық технологияларды барынша толық меңгеруі және креативті ойлау қабілеттері басты мәселеге ауысты, әлеуметтік желілерді меңгеру, неғұрлым жылдам және сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету, қызықты пост жазу да өздігінен қосымша білімді игеруге итермеледі. Кітапхана қызметкерлерінің жұмысы бір организмдей жұмыс жасау үшін жұмыс алгоритмін

жасау да маңызды болды, яғни бөлім басшылары мен қызметкерлері арасындағы, бөлім басшылары арасындағы өзара байланыс пен әкімшілік арасындағы байланыс алгоритмі құрылды. Соның нәтижесінде жұмыстың тоқтап қалуы немесе уақытда орындалмауы сияқты оқиғалар болмады.

Кадрлармен жұмыс. Персоналдың моральді және материалды уәждемесі

01.01.2021 ж. кітапхана штаты 43 бірлікті құрайды. 01.01.2021 ж. барлығы 43 адам жұмыс істеді, оның ішінде кітапханалық қызметкерлер – 24.

Білімі бойынша кітапхан қызметкерлерінің құрамы

барлығы	оның ішінде кітапханашыла р	Білімі бойынша кітапханашылардың құрамы			
		жоғары		арнайы орта	
		кітапханалық	басқа	кітапханалық	басқа
43	24	22	9	-	2

Кітапханашы қызметкерлерінің жас ерекшеліктері

барлығы	30 жасқа дейін	%	30- 45 жас	%	45- 50 жас	%	50- 58 жас	%	58 жас жоғары	%
24	7	29%	3	13%	5	21%	7	29	2	8%

Таблицадағы мәліметтер негізінде кітапхана қызметкерлерінің басым бөлігі - 15 адам (62,5%) 50 жасқа дейінгі қызметкерлер екенін аңғаруға болады. Және соның ішінде 7 қызметкер (29%) 30 жасқа дейінгі мамандар.

Кітапханашы қызметкерлердің мамандығы бойынша еңбек өтілі

барлығы	1 жылға дейін	%	1-5 жыл	%	6-10 жыл	%	10 жылдан жоғары	%
24	1	4%	6	25%	3	13%	14	58%

14 кітапханашының (58%) еңбек өтілі 10 жылдан аса мерзімді қамтиды.

2020 жылы кітапхананың 2 маманы жоғары арнайы кітапханалық білімін аяқтап, дипломдарын алды. И.Черникова Челябинск мемлекеттік мәдениет және өнер академиясының «Кітапханалық-ақпараттық қызмет» факультетін және И. Тиыштық Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің «Кітапхана ісі» факультетін бітірді. Қазіргі уақытта кітапхананың екі қызметкері Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің «Кітапхана ісі» факультетінде сырттай оқиды.

Көтермелеулер:

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай кітапханамыздың бірнеше қызметкерлері марапаттарға ие болды. Олар Калиева Қалқатай Мағиқызы Қарағанды облысы әкімінің алғыс хатымен, Кирина Людмила Васильевна және Мұратша Бірлән Мұратшақызы Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Құрмет грамотасымен, Смагулова



Мадина Сағатқызы Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының алғыс хатымен марапатталды.

Кітапханашыларды ынталандыру мақсатында әкімшілік тарапынан «Кітапханаға адалдығы үшін. За верность библиотеке» марапаты және белсенді қызметкерлерді атап өту Тәуелсіздік күніне орай болатын салтанатты жиында табысталады.

Кітапханалық форумдар мен семинарларға қатысу. Біліктілігін арттыру

Ағымдағы жылы кітапхана қызметкерлері ZOOM платформасы арқылы 12 кәсіби онлайн кездесуге қатысты. Соның ішінде қараша айында өткен «Кітап әлемі: балалықтан –

даналыққа халықаралық форумының жұмысы ауқымды болды. Форумда кітапхана басшысы Б.Уатаева баяндама жасады және форму қорытындысы бойынша балаларды кітап оқуға баулу, балалар кітаханасын дамыту бойынша бірнеше маңызды ұсыныстар жасалды. Кітапхана басшысы Б.Уатаева қазақ балалар жазушысы С. Бегалиннің 125 жылдығына орай ұйымдастырылған халықаралық конференцияда, ҚР білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған «Білім мекемелерінің кітапхана жүйесін жаңғырту және оқушыларды көркем әдебиетпен қамтамасыз ету. Модернизация библиотечной системы организаций образования и обеспечение обучающихся художественной литературой» дөңгелек үстелінде және т.б. семинарлар мен конференцияларда баяндамалар мен хабарламалар жасады.

Сондай-ақ, кітапхана қызметкерлері біліктілігін арттыру мақсатында ҚР ҰК онлайн-семинарына, Мәскеу мемлекеттік мәдениет институтының доценті Вадим Степановтың қатысумен өткен «Библиотека, которая нужна: функции, пространство, персонаж», «Преобразование библиотек: направления и методы» семинарларына, Н.В.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы ұйымдастырған облыстық онлайн-семинарларына қатысты.

Сонымен қатар, кітапхана қызметкерлерін конференциялар мен семинарға қатысуларына өтініш берілгендер мекемелер де болды. Мысалы, Қарағанды жоғары политехникалық колледжі мен Қарағанды облысының білім басқармасы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы және Қарағанды қаласының №66 мектеп-лицейі ұйымдастырған онлайн іс-шараларында кітапхана қызметкерлері Абай Құнанбайұлының өмірі және шығармашылығы туралы хабарлама, ақпараттық шолулар жасады.

«Профессионал» кітапхана қызметкерлерінің әдістемелік оқуы

Кітапхана қызметкерлері арасында 27 қараша күні PechaKucha (көпшілік алдында сөйлеу дағдыларына үйрету) форматында **«Кітапханашылардың бүгінге және болашаққа көзқарасы»** атты кәсіби байқауы өтті. Бұл байқау қатысушыларға белгілі бір тақырыпта өз көзқарасын көрсетуге, презентация жасап, қысқа әрі нақты сөз сөйлеп үйренуге көмектесті. Қазылар алқасына кітапхана ардагерлері шақырылды. Әділқазылар алқасының шешімі бойынша Бас Жұлдені орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімнің кітапханашысы Олег Лебедев, 1-орынды мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Назым Сәмет, 2 және 3-орындарды инновациялық-әдістемелік бөлімінің әдіскерлері Мерболат Әбдіғалым мен Мадина Смагуловаға иеленді.



Біліктілікті арттыру бағытында тұрақты түрде әдістемелік жұмыстар жүргізіліп отырады. Есепті кезеңде кітапхана қызметкерлері үшін жоспарлы 5 сабақ өткізілді.

Кітапханашылардың цифрлық және инновациялық технологиялар саласындағы кәсіби сауаттылығын арттыру мақсатында 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында бірнеше тренингтер өткізілді. Электрондық кітап берілімін енгізу жұмысына даярлық мақсатында кітапхана қорын штрихкодтау мәселесі бойынша әдістемелік сағат пен практикалық сабақтар жүргізілді.

Қазіргі уақытта әлеуметтік желілерде дұрыс жұмыс жүргізе білу – кітапханашылар үшін маңызды дағдылардың бірі. «Пиши, сокращай» тренингі әлеуметтік желілер мен кітапхана сайтына пост жазудың қыр-сырымен таныстырып, стилистикалық қателерге жол бермеуді көздеді. Осы орайда бұл тренингтің нәтижесі кітапхананың онлайн түрде жұмысы барысында барынша көмегін тигізді.

«Әлеуметтік желілерде кітапханалық ақпараттың қызметінің даму факторы» - «Тик-ток» қосымшасында кітаптарға бейнешолулар мен іс-шаралар анонстары туралы хабарламалар жасау тренингі ақпан айында өткізіліп, оның да кітапханашылар үшін практикалық тұрғыдан жақсы көмек болғанын атап өтуге болады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Кітапхананың тұрақты серіктестері қатарында қала мектептері, бала бақшаларымен бірге Тәттімбет атындағы өнер колледжі де бар. 2020 жылдың 16 қаңтары мен 28 мамыры аралығында Тәттімбет атындағы өнер колледжінің «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша 2 курсының 5 студенті тәжірибеден өтті. Пандемияға байланысты 16 наурыздан бастап студенттер тәжірибесі онлайн түрде ұйымдастырылды. Студенттерге кітап трейлерін құру және қазақстандық балалар жазушыларының шығармашылығына бейнебаян жасау тапсырмалары берілді және бұл жұмыстар жоспар бойынша жүзеге асырылды.



XI. Материалдық-техникалық база

Биылғы жылы кітапханада «Қолжетімді кедергісіз орта» жобасы аясында біршама жұмыс жасалды, барлық жұмыстар ҚР ЕЖ 3.06-101-2012 сай атқарылды.

- Кіреберіс есіктің кеңдігі өзгертіліп, жаңа кіреберіс тобы орнатылды;
- Гардероб үстелшесінің биіктігі өзгертілді;
- Көру қызметінің бұзылуы бар тұлғалар үшін мнемосхема, тактильді жолақтар, бөлім атауларының брайль шрифтіндегі нұсқалары орнатылды;
- Кіреберісте, оқу залында және әжетханада шақыру батырмалары қойылды;
- Кітапхананың әжетханасына жөндеу жұмыстары жасалды. Әжетхана бөлмесінде баспалдақтар болуына орай көтергіш лифт орнатылды.

2020 жылғы орындалмаған іс-шаралардың тізімі

Елімізде болып жатқан қазіргі жағдайға байланысты кейбір іс-шараларды онлайн түрінде өткізу мүмкін болмағандықтан 2021 жылға қайта жоспарланды, олар:

- ✓ Жеңістің 75 жылдығына «Соғыс жайлы бірер сөз. Я расскажу вам о войне», қалалық театрландырылған қойылымдар байқауы;
- ✓ Әбу-Насыр Әл Фарабидің 1150 жылдығына «Әл-Фараби – өркениет философы» интерактивті зияткерлік ойын;
- ✓ «Школа магии или Таинство волшебства» әдеби квест.

2021 ЖЫЛҒЫ ЖОСПАР

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай:

Алыс елді-мекен балаларына кешенді ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету мақсатында «Кітап керуені» рухани әлемге шақырады!» библиокеруенін ұйымдастыру.

«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында:

Мәдениетті, тарихты және рухани мұраны насихаттауға бағытталған «Киіз үй» этноконструкторын құрастыру бойынша тренингтер жүргізу.

Кітап оқуға тарту, балалардың жаз уақытын тиімді өткізуі мақсатында

«Жаз.Балалар.Кітап» ұзақмерзімді жобасын жалғастыру.

«Жемқорлыққа жол жоқ! Нет коррупции!» балалардың плакат-лозунгтарының қалалық сайысы;

«Әдеби сарапшы» оқылған кітапқа жазылған үздік пікірдің қалалық байқауы;

«Я – личность» тренинг орталығының жұмысын ұйымдастыру.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жетістік формуласы» телебағдарламасын даярлау және өткізу.

2021 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕР

- ❖ Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы қызметінің бағыты мен міндеттеріне сәйкес жұмыс жалғастыру;
- ❖ Оқырмандарға сапалы қызмет көрсету;
- ❖ Жас оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандыру;
- ❖ Оқырмандардың Қазақстан әдебиеті, тарихына, мәдениетіне қызығушылығын баулу;
- ❖ Құқықтық білім негіздерін, оқырмандардың экологиялық сауатын насихаттау;
- ❖ «Жетістік формуласы» бенефис-шоуы жобасы бойынша жұмысты жалғастыру;
- ❖ «Электронды кітап берілімін» жүзеге асыру.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

- Компьютер паркін жаңарту (Кітапханаға алғашқы компьютерлер 2011 жылы сатып алынған);
- Компьютерлерге бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту (компьютерлердің құрамдас бөлшектері ескірген, 11 компьютердің процессоры Pentium(R));
- Кітапхана сайты жаңғыртуды талап етеді.

Басшы

Б. Уатаева